

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты, «Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшесі  
Б. Смағұлға

2020 жылғы 2 қыркүйектегі  
№ ДС-117 сауалға

**Құрметті Бақытбек Смағұл!**

Сіздің Өзбекстан Республикасының Сырдария облысындағы «Сардоба» су қоймасында бөгеттің бұзылуы салдарынан Түркістан облысы Мақтаарал ауданын су басуға байланысты техногенді сипаттағы төтенше жағдайға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап қосымшаға сәйкес атқарылған жұмыстар және қолданған шаралар жөнінде ақпарат жолдаймын.

Қосымша 3 парақ.

**А. Мамин**

Қ.А. Мейрембеков  
75-00-33

**Өзбекстан Республикасының Сырдария облысындағы «Сардоба» су қоймасында бөгеттің бұзылуына және су басуға байланысты техногенді сипаттағы төтенше жағдайларға қатысты ақпарат**

Ұлттық қауіпсіздікті сақтау және су-техногендік апаттарға байланысты әлеуметтік, экономикалық салдарларға жол бермеу мақсатында Орталық Азия елдерімен Үкімет тарапынан бірқатар жұмыстар жүргізілуде және тиісті шаралар қабылдануда.

*Ірі су-техногендік апаттардың алдын алу бойынша шектес елдермен мемлекетаралық комиссия құру мәселеге қатысты*

«Мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы» Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісімге сәйкес (1992 ж. 18 ақпан) Орталық Азияның Мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясы (МҮСК) құрылды.

МҮСК Арал теңізі бассейніндегі мемлекетаралық көздердің су ресурстарын басқару, ұтымды пайдалану және қорғау мәселелерін бірлесіп шешу және тараптардың алқалылық және мүдделерін өзара құрметтеу қағидаттары негізінде бірлесіп белгіленген бағдарламаларды іске асыру жөніндегі Орталық Азия мемлекеттерінің өңірлік органы болып табылады. МҮСК отырысы тоқсан сайын, құрылтайшы мемлекеттердің бірінде кезекпен өткізіледі.

МҮСК туралы ереженің 2.16-тармағына сәйкес МҮСК міндеттеріне мемлекетаралық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін пайдалануға байланысты төтенше жағдайлар мен дүлей зілзалалардың алдын алудың, хабарлаудың және салдарын жоюдың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Сардоба су қоймасының құрылысын келісу жағдайында өзбек тарапы бұл мәселені МҮСК отырысының қарауына шығарған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ірі су-техногендік апаттардың алдын алу бойынша шектес елдермен мемлекетаралық комиссия құрудың қажеттілігі жоқ. Сонымен қатар Қазақстан тарапы МҮСК-нің келесі отырыстары шеңберінде су қоймаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға қатысты мәселелерге бастамашылық жасайтын болады.

*Өзбек тарапының Сардоба су қоймасын қалпына келтірмеу, сондай-ақ көрші елдермен бірлесіп ұқсас ірі су қоймаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қарастыру мәселеге қатысты*

Өзбекстан Республикасындағы Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуына байланысты ағымдағы жылдың 8 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Ш. М.

Мирзиев телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында Мемлекеттер Басшылары трансшекаралық өзендердің ресурстарын бірлесіп басқару және пайдалану тетіктерін жетілдіру туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Мәселен, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасының Президенттері қол жеткізген уағдаластықтарды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.М. Мырзағалиевтің және Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Ш.Р. Хамраевтің деңгейінде екі кездесу, сондай-ақ видео-конференц байланыс форматындағы бір кездесуді өткізді. Олардың барысында қазақстандық және халықаралық сарапшыларды тарта отырып, Сардоба су қоймасына техникалық аудит жүргізу және 1991 жылдан бастап салынған және қайта жаңартылған су объектілеріне тексеру (мониторинг) жүргізу туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Бұл ретте, қазақстандық тарап Сардоба су қоймасын одан әрі жою бойынша позицияны ұстанатын болады. Сонымен қатар, шешім техникалық аудит нәтижелері бойынша қабылданады.

Осыған байланысты, тараптар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы су қатынастары саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) әзірлеп, оған проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған іс-шараларды қоса отырып, қол қойды.

Жол картасына сәйкес ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының аумағында 1991 жылдан кейін салынған су шаруашылығы құрылыстарына тексеру жүргізу көзделген. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тәжірибелі сушылар мен жобалаушы инженерлер қатарынан қазақстандық сарапшылар бөлігінің құрамын қалыптастырды. Қыркүйек айында қазақстандық сарапшылардың 1991 жылдан кейін салынған су шаруашылығы құрылыстарына тексеру жүргізу және Сардоба су қоймасына техникалық аудит жүргізу үшін Өзбекстан Республикасына баруы күтілуде.

*Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы арасында су ресурстарын бөлу, құрылысты келісу, апаттық жағдайларды болдырмау және террористік қауіптерден қорғау жөнінде мемлекетаралық келісім жасасу мәселеге қатысты*

«Мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы» 1992 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Түрікменстан арасындағы келісім Амудария және Сырдария өзендері бассейнінің шектес мемлекеттерімен су саласындағы ынтымақтастық жөніндегі негізгі құжат болып табылады.

Осы Келісімнің ережесіне сәйкес әрбір тарап өз аумағында басқа тараптардың мүдделерін қозғайтын және оларға залал келтіруге, су шығыстарының келісілген шамаларын өзгертуге және су көздерінің ластануына әкеп соғатын іс-әрекеттерге жол бермеуге, сондай-ақ су ресурстарын пайдалану

және қорғаудың келісілген тәртібі мен белгіленген қағидаларын қатаң сақтауға міндеттенеді.

Төтенше жағдайлар жоспарында Қазақстан үшін қауіпсіздіктің барынша ықтимал қатері Өзбекстан Республикасынан туындайтынын ескере отырып, тараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару, пайдалану және қорғау туралы келісім жобасын (бұдан әрі – Келісім жобасы) әзірлеу және оған қол қою туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Қазіргі уақытта пысықтау барысында өзбек тарапымен келісім жобасы мәтінінің 80%–ы келісілді. Келісім жобасына қол қою жөніндегі іс-шара Жол картасында көрсетілген.

Бұдан басқа табиғи және техногендік сипаттағы трансшекаралық төтенше жағдайлардың туындауына жол бермеу, төтенше жағдайларды жою бойынша тиісті шараларды жедел қабылдау мақсатында дипломатиялық арналар арқылы Өзбекстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне мемлекеттеріміздің шекаралас облыстарының төтенше қызметтерінің өзара іс-қимыл жасау қажеттілігі туралы хат жолданды.

*Анықтама ретінде: бұл бастаманы Өзбекстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Т.А. Худайбергенов 2020 жылғы 11 шілдеде Түркістан облысында болған екіжақты келіссөздер барысында қолдады.*

Қазіргі уақытта ықтимал қатерлерді анықтау, жедел ден қою, күштер мен құралдарды тарту және жалпы бірлескен іс-қимыл алгоритмі мақсатында Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар аумақтық бөлімшесі шекаралас Өзбекстан Республикасының үш облысымен (*Ташкент, Сырдария, Джизак*) өзара іс-қимылдың бірлескен жоспарын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар Үкіметтің ерекше бақылауында.

---